



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2026 жылғы 11 наурыз

№ 69

Қостанай қаласы

город Костанай

**Қостанай облысының мектепке дейінгі ұйымдары тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына тамақтандыру үшін шығындарды өтеу туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің келесі жекелеген санаттарына тамақтандыру үшін шығындары толық көлемде өтелсін:

- 1) жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;
- 2) мүгедектігі бар балаларға;
- 3) атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар, соның ішінде көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға, сондай-ақ жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, соның ішінде көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға.

2. «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;


2) осы қаулының ресми жариялағанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

Налық сөздіктерінің ЖАРАМСЫЗ ЖӨЛІН ТАҒЫЛАДЫ. Қаламет бабына қарағат компьютерлер шешуін  
данды жасалды, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ЕСЕЛЕН. АЛЫНАДЫ.  
Қалық без сөздіктерінің ІІДІСІ ТҮЙІЛЕНІ. Қалық ары сөздіктерінің асабылығы  
делалық в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Қостанай облысының әкімі



Қ. Ақсақалов